

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 14 шілдедегі N 974 қаулысына өзгертулер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 28 маусым N 827. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.31. N 1747 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында өндірілетін акциздеуге жататын тауарларға және құмар ойындар бизнесіне арналған акциздердің ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 14 шілдедегі N 974 P950974\_ қаулысының қосымшасына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы , 1995 ж., N 24, 281-бап) мынадай өзгертулер енгізілсін:

"Өңделген және өңделмеген мех терілері (көртышқан, үй қояны, ит, бұғы, қой терісінен басқа)" жолындағы "20" цифры "7" цифрымен алмастырылсын;

"Пальтоны, шолақ пальтоны күртешелерді, жамылғыларды, палантиндерді, боаны, шарфты, бас киімдер мен жағаларды, тондарды, пластиндерді қоса алғанда (көртышқан, үй қояны, ит, бұғы, қой терісінен жасалған бұйымдардан басқа) нақты мехтан жасалған бұйымдар" жолындағы "50" цифры "10" цифрымен алмастырылсын .

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі